**2014 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қарашадағы № 544 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 желтоқсанда № 4363 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері, қоғамдық жұмыстардың түрлері , көлемі және нақты жағдайлары, ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу нақты орындалған жұмыстар үшін ең төменгі айлық жалақының 1,7 мөлшерінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.

3. Еңбекақы төлеуге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде әлеуметтік салықты төлеуге және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарға, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдеріне, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға тиесілі жалақы есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтелетіні белгіленсін.

4. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау әкімнің орынбасарлары Е.О. Теменовке, Е.Ж. Маметековке жүктелсін.

6. Осы қаулы 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Арқалық қаласының әкімі Ғ. Бекмұхамедов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Арқалық аймақтық мемлекеттік мұрағаты" "Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесі филиалының бастығы*

______________ *М. Бопина*

*"Арқалық қаласы дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Жігер" стадионы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры*

_____________ *К. Жарасбай*

*"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қостанай облысының Әділет департаменті Арқалық қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

_____________ *А. Бекенова*

*"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Қостанай облысының Арқалық қалалық соты" мемлекеттік мекемесінің төрағасы*

_____________ *Б. Нысанбаев*

*Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "Қостанай облысы Арқалық қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы*

_____________ *У. Уразалиев*

*"Қостанай облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі облыс прокурорының орынбасары*

______________ *С. Абденов*

Әкімдіктің
2013 жылғы 26 қарашадағы
№ 544 қаулысымен бекітілген

## 2014 жылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, ұйымдардың тізбесі

| № | Ұйымның атауы | Жұмыс түрлері | Жұмыс көлем-дері, сағат-пен | Еңбекақы төлеу | Жұмыстардың нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Арқа дидары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 1958,4 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 2 | "Арқалық қаласы дене тәрбиесі және спорт бөлімінің "Жігер" стадионы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 9792 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| | | | | | Қоғамдық жұмыстарға бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | "Шаруашылық–А" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 16320 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 4 | "Іскер-Арқалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 58752 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 5 | "Арқалықтың азық-түлік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 2448 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 6 | "Тазарту-Арқалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 127296 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 7 | "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Қостанай облысының Арқалық қалалық соты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 3916,8 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 8 | "Арқалық аймақтық мемлекеттік мұрағаты" "Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды | 23500,8 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік мекемесінің филиалы | өңдеп баптауға көмектесу | | | заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 9 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қостанай облысының Әділет департаменті Арқалық қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 5875,2 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 10 | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қостанай облысы Арқалық қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 5875,2 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| | Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің "Арқалық жылу- | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан | | | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | энергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | өтуін талап етпейтін, аумақты жинауда және абаттанды-руда көмек | 29376 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 12 | "Арқалық қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 2016 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 13 | "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 20160 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| | | | | | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | "Арқалық қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 4032 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |
| 15 | "Қостанай облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі | Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, құжаттарды өңдеп баптауға көмектесу | 7833,6 | Ең төменгі жалақының 1,7 мөлшері | Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзілісті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК